

## 2023-2024 оқу жылында тәрбие саласында атқарылған жұмыстар

### Мектебiм - мейiрiм мекенi!

2023 жылғы 1 қыркүйек күні Түркістан облысы Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің Әл-Фараби атындағы жалпы орта мектебінде «Мектебiм - мейiрiм мекенi» атты алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді.

Ескі Иқан ауылдық округі әкімі аппаратының заңгері Н.Айметов,



Қамқоршылық кеңес төрағасы И.Неметов және мектеп ата-аналар комитетінің төрайымы М.Мақсадовалар салтанатты кешіміздің құрметті қонақтары болды және әлемге әйгілі ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің ескерткішін ашуға қатысып, оқушыларға өз құттықтаулары мен жылы лебіздерін білдірді.



Сауран ауданы білім бөліміне қарасты Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023 жылғы 11 қыркүйек күні «Жер-2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді.


**Мақсаты:** Азаматтардың, яғни, мектеп ұжымы және оқушылардың сейсмикалық жағдай кезінде шаапшандыққа, сабырлы болуға, тез шешім қабылдауға үйрету.





Оқу-жаттығу жоспарына сәйкес «Баршаның назарына!» құлақтандыру дабылы іске қосылып, жалпыға бірдей сейсможаттығулар өткізілді.

Сауран ауданы білім бөліміне қарасты Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023 жылғы 16 қыркүйек күні «Дүниежүзілік Тазалық Күні (World Cleanup Day 2023)» жыл сайынғы экологиялық акциясына орай кіші қызметкерлердің қатысуымен сенбілік өтті.



**Мақсаты:** Халықты біріктіре отырып, аумақтарды бей-берекет қалдықтардан тазарту.

Нәтижесінде мектептің аумағы түрлі қалдықтардан тазартылды.

Сауран ауданы білім бөліміне қарасты Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023 жылғы 5-15 қыркүйек аралығында «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» тақырыбында онкүндік іс-шарасы өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу, тілге деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын дамыту, тіл мәдениетін, достық қарым-қатынас, ой ұшқырлығы мен тапқырлығын нығайту, өз Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02RZzFj2MrtgPAmMpxQADi4cFQpscTUtpUb2bNFKnb6r4dy6Un7JUY1EkQZnqKLQ5Wl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02RZzFj2MrtgPAmMpxQADi4cFQpscTUtpUb2bNFKnb6r4dy6Un7JUY1EkQZnqKLQ5Wl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2023 жылғы 20 қыркүйек күні «Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-да тәрбие саласында мектеп ұжымы мен ата-аналардың қарым-қатынасын нығайту, отбасында балаға жақсы тәрбие беруіне ықпал жасау мақсатында 10-11 сынып оқушылары ата-аналарының қатысуымен жиналыс болып өтті. Мектеп директоры М.Мамадалиева өткен оқу жылындағы ҰБТ-ның қорытындысы туралы талдау жасап, ҰБТ-ның жаңа форматы туралы, тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары К.Нишанбаев құқық бұзушылықтың, педагог-психолог Х.Мамбетова тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02UgwybcKKMtdUN7sa8u2ijnzob8Xr72NeVpb6cXMxr4zMqETkLnEF1LWsZEbc3Ky6l&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02UgwybcKKMtdUN7sa8u2ijnzob8Xr72NeVpb6cXMxr4zMqETkLnEF1LWsZEbc3Ky6l&id=100030210816993&mbextid=Nif5oz)

2023 жылғы 2 қазан күні «Әл – Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ –да Сауран ауданының білім бөлімінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 40-01-04/7229 хатына сәйкес 5 қазан – мұғалімдер күніне орай қоғамдағы мұғалімнің кәсіби мәртебесі мен имиджін көтеруге ықпал ету, ұстаз еңбегіне құрмет көрсету негізінде жас ұрпақ санасында халық бірлігі, ынтымақтастығы идеяларын нығайту, оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен эмпатиясын дамыту, Отанына, мұғалімге, өз тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, руханият пен

жауапкершілік сезімін тәрбиелеу және дамытуға ықпал ету мақсатында «Ұстазыма мың алғыс!» атты челлендж ұйымдастырылды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid033Lm8FJpE4MxaRq7F3VcjX4TcNsuJYzq96TFTDDGf6P65qGwA4d9e81BHPhHWmfpl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid033Lm8FJpE4MxaRq7F3VcjX4TcNsuJYzq96TFTDDGf6P65qGwA4d9e81BHPhHWmfpl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2023 жылғы 28 қыркүйек күні сағат 10:00 де «Әл – Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ –да Сауран ауданы білім бөлімінің 2023 жылғы 26 қыркүйек № 42-01-11/7191 шығыс хатына сәйкес оқушылардың бойына адалдық, рухани адамгершілік, адамдық асыл қасиеттерді ұялату мақсатында 10 – 11 сынып оқушыларымен адалдық сағаты өткізілді.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02cJGSwpqgk4bzH6RLqLVCCjyiQymJ4DtkbkrNvSc2pYgBmmiKdFJCA5MepGc2Wnhml&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02cJGSwpqgk4bzH6RLqLVCCjyiQymJ4DtkbkrNvSc2pYgBmmiKdFJCA5MepGc2Wnhml&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2023 жылғы 25 қыркүйек күні «Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ- да Сауран ауданы білім бөлімінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №230-01-18/2147 шығыс хатына сәйкес терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық шеңберінде оқу-жаттығу жұмыстарын өткізу мақсатында мектеп оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру жұмыстары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Терроризм актінің қауіпі

туындаған немесе терроризм акті жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы жадынамасына» сәйкес жүргізілді.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid03f12gN1p7vv8um7CvXezCdQ6aE9vquJ6szUk4duu6BfTJLapxmaQGoAh7RGyinN3l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid03f12gN1p7vv8um7CvXezCdQ6aE9vquJ6szUk4duu6BfTJLapxmaQGoAh7RGyinN3l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

2023 жылғы 25 қыркүйек күні «Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-да тәрбие саласында мектеп ұжымы мен ата-аналардың қарым-

қатынасын нығайту, отбасында балаға жан-жақты, жақсы тәрбие беруіне ықпал жасау мақсатында 8 - сынып оқушылары ата-аналарының қатысуымен жиналыс болып өтті. Оқу ісі жөніндегі директоры Н.Мамметов өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстар және бірыңғай мектеп формасы туралы, тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары К.Нишанбаев құқық бұзушылықтың, педагог-психолог Х.Мамбетова тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау, отбасындағы қарым-қатынастың бала психологиясына әсері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0227ZGh9zEMR97TZxJDWoFyfXjEZLPhVRYu9zLfwdXEVibnMR8Q4VF6bUEhCHNRTV2l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0227ZGh9zEMR97TZxJDWoFyfXjEZLPhVRYu9zLfwdXEVibnMR8Q4VF6bUEhCHNRTV2l&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)

## 1 -ҚАЗАН ҚАРТТАР КҮНІ

Сауран ауданы білім бөліміне қарасты «Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-ның 10-11 сынып оқушылары бейнетінің зейнетін көріп отырған ардагер ұстаз Рахимова Собира, қазыналы қария Саидхожаева Зайнаб апалардың үйлеріне барып, ұстаздар мерекесімен құттықтап, қажетті аула жұмыстарына көмектесіп қайтты.

Мақсаты: Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02Z5BxmRLec9TDc9jaoetZdvpFNNQcvPMghKbsBsnaTTXpfjzohBP11KzXKMs9EPghl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Z5BxmRLec9TDc9jaoetZdvpFNNQcvPMghKbsBsnaTTXpfjzohBP11KzXKMs9EPghl&id=100030210816993&mibextid=Nif5oz)



2023 жылғы 5 қазан күні Сауран ауданының білім бөлімінің «Әл – Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ –да мұғалімдер күніне орай бастауыш сыныптар бойынша директор орынбасары Г.Юлдашованың ұйымдастыруымен мұғалімнің еңбегіне құрмет білдіру, ұстаз еңбегін бағалауға үйрету, өскелең ұрпақтың санасында халық бірлігі идеяларын нығайту мақсатында «Ұстаз - ұлы тұлға» атты іс-шара өткізілді. Аталған іс – шараға мектептің бастауыш сынып оқушылары қатысып, мұғалімдерге мерекелік көңіл-күй сыйлады.





[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02MqKCohKuAfsyBkQnjsDmr gsxrP2vdNb6YnGrU9ZGjU4CvCmQFpHo5bFSrmKMrWt1l&id=100030210816993&sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02MqKCohKuAfsyBkQnjsDmr gsxrP2vdNb6YnGrU9ZGjU4CvCmQFpHo5bFSrmKMrWt1l&id=100030210816993&sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V)